

БАЛА ТӘРБИЕСІ

ҰЯТ \ ЖАМАН \ ОБАЛ

? Ұят болады дегені – өлімнен
ұят күшті, ұятты істі істеме
дегені; жаным,арымның
садағасы дегені еді;

**Оның алғашқысы:
ұят болады.**

Жаман болады дегені – жақсы
сөз жарым ырыс, жамандықтан
аулақ жүр дегені; жақсының
шарапаты, жаманның кесапаты
тиеді деген еді;

**Екіншісі: жаман
болады.**

Обал болады дегені – әр
нәрсенің сұрауы бар, саған
түкке тұрғысыз болған бір
нәрсе басқа біреуге өте қымбат
болуы мүмкін дегені, ешкімге
көлеңкең түспесін дегені еді

**Үшіншісі: обал
болады.**

? Жаман боладыға жақындамай, ұят боладыға ұрынбай, обал болады дегенге ойлана қарайтын текті ұлт болған едік, бүгінгі күнгі осы үш сөзге тоқтаймыз ба?

(с) Аятжан АХМЕТЖАН

? Теледидар алдында
отырғандарды, ертең кітап
оқитындар басқарады.

ТЕЛЕДИДАР \ КІТАП

? Сен кім болсаңда,
қандай болсаңда өзіңді
тәрбиелеген адамдарды
ұятқа қалдырма!

ТӘРБИЕШІ

БАЛАНЫҢ АТА-
АНАҒА ҚАРСЫ
ШЫҒУЫ, РЕНЖІТУІ НЕ
СЕБЕПТІ?

? Балалар психологиясы мамандары:
«аналардың жүрегі қашанда мейірлі.

Алайда балаға оны жолын тауып
жөнімен жеткізу керек, тәсілі дұрыс
болмаса оның нәтижесі керісіне
болады»

БАЛА \ АТААНА

? Қалыптан тыс әлпештеу баланы
сәтсіздіктен сабақ алу,
қиыншылық көру, басқаларға
қарайласу мүмкіндігінен
айырады.

Жақсы көру

? Мұндай болған бала кішкентайынан рахаттануды ғана біліп, үлес қосуды, жауапкершілікті ұмытады. Көңілінде өзін ғана ойлап, өзгені ескермейді. Жан дүниесінде өзіне ғана назар аударумен болады, басқаларды түсінуді білмейді.

? Адам дүниеге келісімен екі
түрлі негізгі қажетсінуі
болады: бірі заттық
қажетсіну; екінші рухани
қажетсіну.

Қажеттілік

? Көп ата-аналар баланың заттық қажетін өтелсе міндетінен құтылғандай сезінеді. Рухани қажеттілікке немқұрайды қарайды. Нәтижесінде өз жүрегіне жүк түсіріп азаптанудан сырт, баласының жан дүниесі құлазиды. Кісілік қасиеті кемиді. Қоғамдық орта, қызметте елмен отаса алмайды, тіпті теріс жолға түседі.

? Ұлты үшін құрмет қылмай, бас қамын ойлап жүрген азаматтардың елі артта қалып отыр. Ұлтшыл жұрттар, эне, Германия, Жапония, Англия, Түркиялар, олардың баласы жасынан “ұлтым” деп өседі. Есейген соң бар білімін, күшін өз жұртының күшеюіне жұмсайды. Олардың әр адамы – мемлекеттің керегі, қызметкері.

(с) Жүсіпбек Аймауытұлы

МЕН \ Біз

? БАЛАНЫ ЖАҚСЫ БІЛІМ
АЛУҒА ЕМЕС.....

ҰСТАЗДЫ ҚҰРМЕТУ,
ТЫҢДАУҒА ҮЙРЕТУ

Білімді мұғалім үйретеді

? Бай болғым келеді...
Ақшаға емес...,
Игі істерге!

БАЙЛЫҚ

? Баланы іштен жақсы көріп,
аса еркелетпей тұрмысты
үйренуге талпындыру
керек.

Кеңес.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ

